

**Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а.
2021 жылғы 12 сәуірдегі № 103 бұйрығы**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің [17-бабының 28-14\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жолымен өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық [бағалар](#) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқару саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркелуін](#);

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің міндетін
атқарушы**

А. Примкулов

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
міндетін атқарушының
2021 жылғы 12 сәуірдегі
№ 103 [бұйрығымен](#)
бекітілген

**Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жолымен өндірілген
электр энергиясына шекті аукциондық бағалар**

№ п/п	Атауы	Көрсеткіш (ҚҚС-сыз)
1	Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жолымен өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық баға	191,9 теңге / кВтсағ
2	Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаның АҚШ долларымен көрсетілген баламасы	0,45223 АҚШ доллары /кВтсағ

3	Еурода көрсетілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаның баламасы	0,38524 Евро / кВтсағ
---	---	-----------------------